



«АККРЕДИТТЕУ ЖӘНЕ РЕЙТИНГТІҢ
ТӘУЕЛСІЗ АГЕНТТІГІ» КЕМ

НУ «НЕЗАВИСИМОЕ АГЕНТСТВО
АККРЕДИТАЦИИ И РЕЙТИНГА»

INDEPENDENT AGENCY FOR
ACCREDITATION AND RATING

ЕСЕП

«Абу Али Ибн Сина» Медициналық колледжі» ЖШС 2018 жылдың 19-21 сәуірі аралығындағы институционалды аккредиттеу стандарттарының талаптарына сәйкестігін бағалау бойынша сыртқы сараптамалық комиссия жұмысының нәтижелері жөніндегі

Сарыағаш 2018

АККРЕДИТТЕУ ЖӘНЕ РЕЙТИНГІЛЕУДІҢ ТӘУЕЛСІЗ АГЕНТТІГІ
Сыртқы сараптау комиссиясы

*НААР Аккредиттеу
кеңесіне бағытталады*



Независимое агентство
аккредитации и рейтинга

**«Абу Али Ибн Сина» Медициналық колледжі» ЖШС 2018 жылдың 19-21 сәуірі
аралығындағы институционалды аккредиттеу стандарттарының талаптарына
сәйкестігін бағалау бойынша сыртқы сараптамалық комиссия жұмысының
нәтижелері жөніндегі
ЕСЕБІ**

МАЗМҰНЫ

БЕЛГІЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР ТІЗІМІ	3
Кіріспе.....	4
БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМЫН ТАНЫСТЫРУ	5
ССК КЕЛУ СИПАТТАМАСЫ.....	9
АККРЕДИТТЕУДІҢ АЛДЫҢҒЫ ІС-ШАРАЛАРЫН СИПАТТАУ	11
ИНСТИТУЦИОНАЛДЫ АККРЕДИТТЕУ СТАНДАРТТАРЫНА СӘЙКЕСТІГІ	11
6.1. «Міндет және стратегиялық мақсаттар» стандарты	11
6.2. «Әкімшілік және басқару» стандарты	13
6.3. «Білім бағдарламалары» стандарты.....	14
6.4. «Оқытушылар» стандарты.....	15
6.5. «Білім алушылар» стандарты	21
6.6. «Ресурстар: материалдық техникалық, ақпараттық білім беру» стандарты.....	24
КҮШТІ ЖАҚТАРДЫ ШОЛУ/ ӘРБІР СТАНДАРТ БОЙЫНША ҰЗДІК ТӘЖІРИБЕНІ ШОЛУ	27
САПАНЫ ЖАҚСARTУ БОЙЫНША ҰСЫНЫЛЫМДАРДЫ ШОЛУ	29
Қосымша 1. «ИНСТИТУЦИОНАЛДЫ БЕЙІН ПАРАМЕТРЛЕРІ» бағалау кестесі	30

арта

БЕЛГІЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР ТІЗІМІ

МЖМБС-Мемлекеттік жалпыға міндетті білім стандарты
ҚМА-Қорытынды мемлекеттік аттестаттау
МҰ-Медициналық ұйым
ТЖКБ-Техникалық және кәсіптік білім беру
ЖОБ-Жұмыс оқу бағдарламасы
ЖОЖ-Жұмыс оқу жоспары
ТОБ-Типтік оқу бағдарламасы
ТОЖ-Типтік оқу жоспары
КТЖ-Күнтізбелік-тақырыптық жоспар
СМЖ-Сапа менеджменті жүйесі
ОЖ-Оқу жұмысы
ӨО-Өндірістік оқыту
КТ-Кәсіптік тәжірибе
ББ-Білім бағдарламасы
ОӘК-Оқу-әдістемелік кешен
ПОӘК-Пәннің оқу әдістемелік кешені
ЦӘК-Циклдық-әдістемелік комиссия
ЖК-Жеке компьютерлер
АҚТ-Ақпараттық-қатысымдық технологиялар
ПҚ-Педагогикалық құрам
ПЖ-Педагогикалық жұмыскерлер
СЕЖН-Санитарлық ережелер мен нормалар
ФАП-Фельдшерлік-акушерлік пункт
ӘЭП- Әлеуметтік-экономикалық пәндер
ЖББП-Жалпы білім беретін пәндер
ЖГП-Жалпы гуманитарлық пәндер

Кіріспе

НААР №22-18-ОД 2018 жылдың 6 наурызындағы бұйрығымен сәйкестікте техникалық және кәсіби білім беру қызметімен «Абу Али Ибн Сина» Медициналық колледжі» мекемесіне 2018 жылдың 19-21 сәуірі аралығында сыртқы сараптамалық комиссия тексеруі жүргізілді. Институционалды аккредиттеу бойынша НААР стандарттарына сәйкестігін бағалау жүргізілді.

ССК құрамы:

Комиссия төрағасы – Ердесова Гульнар Казтаевна, Алматы қаласы Денсаулық сақтау Басқармасы «Медициналық колледжі» ШЖҚ МҚК сапа менеджменті жүйесі бөлімінің жетекшісі (Алматы);

Сарапшы – Нурланова Рысты Берекеловна, ҚР ДСМ орта медициналық және фармацевтикалық жұмыскерлерді даярлау мен қайта даярлау бойынша РМҚ «Республикалық жоғары медициналық колледжі ЖШС» кеңесшісі (Алматы);

Сарапшы – Смакова Сауле Социаловна, «Медико-техникалық колледж» ЖШС СМЖ жетекшісі (Астана);

Сарапшы – Байдильдаева Меруерт Булатовна, «Интердент» медициналық колледжі » ЖШС оқу-тәжірибе жұмыстары бойынша директордың орынбасары (Алматы);

Жұмыс беруші – Одаманов Муратхан Алимханович, Сарыағаш Орталық аудандық ауруханасы МҚК бас дәрігерінің орынбасары (Сарыағаш);

Студент – Гладышев Руслан Вениаминович, «Арыстанбаб» Оңтүстік Қазақстан колледжінің «Емдеу ісі» мамандығының 2 курс студенті (Сарыағаш);

Агенттік бақылаушысы – Джакенова Алиса Сатбековна, Агенттіктің медициналық жобаларының жетекшісі (Астана).



БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМЫН ТАНЫСТЫРУ

«Абу Али Ибн Сина» Медициналық колледжі ЖШС білім беру қызметін 0301000 «Емдеу ісі» және 0302000 «Мейірбике ісі» екі мамандығы бойынша 2011 жылдың 27 қаңтарынан бастап және 2010 жылдың 10 қарашасынан берілген білім беру қызметінің мемлекеттік лицензиясына сай жүзеге асырып келеді. Лицензия номері мен сериясы АБ № 0038383. Заңды мекен-жайдың өзгеруіне байланысты лицензия да өзгертілген. Қазіргі таңда 21.05.2014 ж бастап № 14007055. 2017 жылдың қыркүйегінен бастап 0306000 «Фармация» мамандығы бойынша білім беру қызметін жүзеге асыруда.

2018 жылдың қаңтар айынан бастап колледжде ISO 9001:2016 талаптарымен сәйкестіктегі орта медициналық және фармацевтикалық білім беру саласындағы мамандарды даярлау мен қайта даярлау бойынша білім беру қызметтерін әзірлеу мен ұсынуға қатысты сапа менеджменті жүйесі енгізілген. Колледждің заңды мекен-жайы: Оңтүстік Қазақстан облысы, Сарыағаш қаласы, Самал мөлтекауданы, К. Монтаев көшесі, №11 үй. телефон/факс 8(72537) 2-95-71, e-mail: avicenna.1999@mail.ru, колледж сайтының мекен-жайы : www.aais.kz.

Мекемелік тиістілігі- Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі.

Меншік түрі-жауапкершілігі шектеулі серіктестік.

Медициналық колледж қызметі құрылтайшылық құжаттармен сәйкестікте жүзеге асырылады:

- Оңтүстік Қазақстан облысы Әділет басқармасындағы тіркелген "Абу Али Ибн Сина" медициналық колледжі Жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің Жарғысы;
- Оңтүстік Қазақстан облысы әділет Басқармасынан берілген №1 форма бойынша статистикалық карточкасы;
- Бизнес –идентификациялық номер куәлігі: 100640010287;
- 2,0 га жалпы алаңы бар жерді тұрақты пайдалану құқығына кадастрлық № 19-306-012-328, жер теліміне меншік құқығының актісі.

Өкілетті орган Оңтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің денсаулық сақтау Басқармасы болып табылады.

Санитарлық-эпидемиологиялық қызмет және оқу корпусын пайдалану үшін мемлекеттік өртті бақылау тұжырымдамасы бар.

Мамандарды даярлау 2011 жылдан бастап «Мейірбике ісі», «Емдеу ісі» мамандықтары бойынша және 2017 жылдан бастап «Фармация» мамандығы бойынша тек мемлекеттік тілде жүргізілуде. Оқыту негізгі және орта жалпы білім базасында күндізгі оқыту формасы бойынша жүргізіледі.

Колледжді мемлекеттік аттестаттау 2014 жылы Қазақстан Республикасы денсаулық сақтау және әлеуметтік даму Министрлігінің медициналық және фармацевтикалық қызметтерді бақылау Комитеті төрағасының 16.09.2014 ж №591 «Абу Али Ибн Сина Медициналық колледжі» Жауапкершілігі шектеуші серіктестігіне мемлекеттік аттестаттауды жүргізу жөніндегі» бұйрығымен сәйкестікте жүргізілген болатын. Колледж 03.10.2014 ж №641 «Абу Али Ибн Сина Медициналық колледжі» Жауапкершілігі шектеулі серіктестігін мемлекеттік аттестаттау қорытындылары жөніндегі» бұйрығы негізінде 5 жылға аттестатталды.

Оқу үдерісін ұйымдастыру жалпы алаңы 2896 м2 болып табылатын 2 қабатты жеке ғимаратта жүзеге асырылады, бір білім алушыға есептегенде 6,0 шаршы метрді құрайды, бұл ҚР Мемлекеттік стандарттарының оқу ғимараттарына қойылатын талаптарына сәйкес келеді.


Колледж 100 орыннан тұратын акт залына ие, мұнда мәдени көпшілік іс-шаралары өткізіледі, кондай-ақ медициналық пункт, 100 орынға арналған асхана бар. Асхана қажетті асханалық жабдықтармен (электрлі пештер, тоңазытқыштар, тоңазыру сөрелері, ыдыстар) жасақталған.

Колледждің мұқтаж студенттерге арналған 38 орындық, жалпы алаңы 197, 16 шаршы метр болып табылатын жатақханасы бар.

Колледжде жалпы алаңы 31,0 шаршы метр болып табылатын медициналық пункті де бар. Медициналық қызмет көрсету (Сарыағаш аудандық емханасы) МҚК келісімшарт негізінде жүзеге асырылады. Кәсіптік оқытуды ұйымдастыру үшін ҚР МЖМБС сәйкестікте 18 кабинеті мен 2 зертханасы ашылған және қызмет көрсетуде. Олардың жинақталуы тұтастай колледжі жабдықтау табелімен сәйкестікте 86 б %.

Колледжде компьютерлік және интерактивті техника жеткілікті көлемнен табылады, компьютерлердің жалпы саны 77, барлық 77 компьютер Интернет желісіне қосылған. 3 интерактивті тақта, 2 бейнепроектор, 2 компьютерлік сынып бар.

Зертханалық жабдықтарды, оқу аспаптарын, техникалық және көрнекі құралдарды иеленуге жұмсалған қаржы көлемі соңғы 5 жыл ішінде 30080000 теңгені құрайды.



Кабинеттер мен зертханаларды орналастыруға бөлінген бөлмелер санитарлық-гигиеналық талаптарға, онда сабақ оқитын білім алушылар санына қойылатын талаптарға сай, табельде қарастырылған оқу жабдықтары мен арнайы жиһаздар орналастырылған, тәжірибелік және зертханалық жұмыстарды жүргізу кезіндегі қауіпсіздік техникасы ережелерін сақтауға мүмкіндік береді. Клиникалыққа дейінгі іс-тәжірибенің барлық кабинеттерінің безендірілуі болашақ маманның жұмыс орны құрылымына ыңғайластырылған.

Оқу, оқу өндірістік және кәсіби іс-тәжірибені өткізу үшін колледж Сарыағаш қаласы мен Сарыағаш ауданының емдеу-сауықтыру мекемелерінің жетекшілерімен келісімшарттар бекітілген. Базалық-медициналық ұйымдармен тығыз байланыс орнатылған.

Оқу кабинеттері әрекет етуші санитарлық нормативтерге, өртке қарсы қауіпсіздік талаптарына, сондай-ақ білім беру ұйымының білім беру қызметін лицензиялау кезінде қойылатын біліктілік талаптарына сай келеді, бұл ҚР Мемлекеттік жалпыға міндетті білім стандарттарында қарастырылған оқу жоспарлары мен бағдарламаларын орындауды қамтамасыз етеді.

Колледжде студенттерді әлеуметтік қорғау бойынша жоспарлы жұмыс жүргізілуде.

2015-2018 оқу жылдары ішінде мамандықтар бойынша оқуға төлем жүргізуде жеңілдіктерге ие болған білімгерлер саны

Оқыту құнындағы % жеңілдіктер	5 %	10 %	15%	20 %	30 %	50 %	100 %	Барлығы
«Мейірбике ісі»	6	20	10	7	-	1	-	44
Бұл құрайды	13,6 %	45,4 %	22,7 %	15,9 %	-	2,2 %	-	100 %
«Емдеу ісі»	6	22	6	5	-	-	1	40

Бұл кұрайды	15 %	55 %	15 %	12,5%	-	-	2,5 %	100 %
«Фармация»	-	-	-	-	1	-	-	1
Бұл кұрайды	-	-	-	-	100 %			100 %

2015-2018 оқу жылдарында келесі студенттерге шәкіртақы тағайындалды

№	Студенттің А.Т.Ә.	Тобы	Мамандығы
1	Мұңайтбасов Бағдаулет Ажықұлұлы	201 Ф	Емдеу ісі
2	Сейтбекова Гулнур Рисбекқизи	0202 М	Мейірбике ісі
3	Құралбек Рахымбек Нурболұлы	0302 Ф	Емдеу ісі
4	Ибрахим Берік Исаұлы	401 Ф	Емдеу ісі
5	Уласова Бекзод Бақытжонұлы	401 Ф	Емдеу ісі
6	Тұңғышбай Айдана Таттибайқызы	0302 М	Мейірбике ісі
7	Қалбаев Дониер Жумамуратұғли	0301 Ф	Емдеу ісі
8	Құдайбергенов Досан Бегайдарұлы	0101 Ф	Емдеу ісі

Колледждегі білім алушылар контингенті 483 студентті құрайды, оның ішінде қазақ тілінде 483.

0301000 «Емдеу ісі» -мамандығында білім алатын студенттер контингенті 193,
0302000 «Мейірбике ісі» - мамандығында білім алатын студенттер контингенті 288.

0306000 «Фармация» - мамандығында білім алатын студенттер контингенті 16.
Қазіргі таңда педагогикалық үдерісті 54 оқытушы жүзеге асырады, оның ішінде штаттағылары 40, бұл 74,0%. Колледж оқытушылары сәйкес базалық білімге ие.

Штаттағы оқытушылар ішінен: жоғары және бірінші біліктілік санатына 27 адам (50%), екінші санатқа -15 адам (27,0%) ие, мемлекеттік тілде 54 оқытушы сабақ жүргізеді. Академиялық дәрежеге 3 адам ие (5.5%)

Кесте 1 - Бітірушілердің мамандық бойынша жұмысқа орналасуы

№	Біліктілік атауы	2017		
		Барлық бітірушілер	Оның ішінде жұмысқа орналасқаны	Мамандық бойынша %
1	0301000 – Емдеу ісі	67	45	67.1%
1.1	0301013- «Фельдшер» біліктілігі	67	45	67.1%
2	0302000 –Мейірбике ісі	107	71	66.3%
2.1	0302033 – «Жалпы тәжірибедегі мейірбике» біліктілігі	107	71	66.3%

Ғылыми-зерттеу жобалары

Зияткерлік және шығармашылық қабілеттерді дамыту бойынша мақсатқа бағытталған жұмыстар жүргізілуде. Колледжде жалпы білім беретін, жалпы кәсіптік және арнайы пәндер бойынша үйірмелер қызмет етеді.

Пәндік үйірмелер бекітілген жоспар бойынша жұмыс жасайды. Ол мыналардан тұрады:

-Білім беру (оқу және тәрбие), ғылыми және тәжірибелік үдерістер тұтастығын қамтамасыз ету бойынша жұмыстар:

-арнайы білімдерді тереңдету мен білімгерлердің шығармашылық әлеуетін өзектілендіру бойынша жұмыстар;

-шығармашылық кәсіби ойлау дағдыларын қалыптастыру бойынша жұмыстар;

-талдау, салыстыру, жүйелеу және қорыту әдістерін игеру бойынша жұмыстар;

-кестелерді, планшеттерді, буклеттерді, стендтерді құрастыру;

-мамандықтарды таныстырудың пәндік апталықтарына қатысу.

Білім алушылардың ғылыми-зерттеу жұмыстартарының жетекшілері жүргізетін жұмыс нәтижелері колледждің қорытынды ғылыми-студенттік конференциясында қарастырылады. Ағымдағы оқу жылында колледжде 16 үйірме мен 8 спорттық секциялар қызмет етеді. Үйірмелер мен секцияларда 200 ден астам білімгерлер жұмыс жасайды, ол білімгерлердің жалпы санының 28,08%-ын құрайды. Осы жылы облыстық деңгейде колледж студенттері ғылыми жобаларға конференция ұйымдастырды.

Ғылыми жоба бойынша 3 курс студенті Мирзатиллаев Хамидула қатысып, «Стендтеу» тақырыбына баяндама жасап, «Салауатты өмір насихатшысы» номинациясына ие дипломмен марапатталды, оның жетекшісі Ш.Ю. Садвакасов. 2013 жылы «Жастар орталығы» мемлекеттік коммуналдық мекемесі «Білім мен ғылым қоғамына қарай батыл қадаммен!» тақырыбында ғылыми конференция ұйымдастырып, оған 2 студент «Денсаулық сақтау саласын дамыту» тақырыбына баяндама жасап, 2 орынды иеленді, сондай-ақ алғысхаттармен марапатталды.

2013 жылдың желтоқсанында колледжде Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 22 жылдығына орай «Менің тәуелсіз Қазақстаным» тақырыбына конференция ұйымдастырылып, оған 3 студент қатысып, барлығы үздік деп танылды.

1. Мирзатиллаев Х. 0301Ф «Менің тәуелсіз Қазақстаным», жетекшісі А.Кудиярова;

2. Сейдуәлі З.0201М. «Қазақстан Республикасына 22 жыл» жетекшісі Аширова Р.

3. Құлманова Б. 0202М. «Тәуелсіз Қазақстан» жетекшісі Тасымбетова Г.Ж.

2013 жылдың наурызында колледжде конференция өткізілді, барлық пәндер бойынша 21 студент баяндама оқып, бірінші жүлделі орынды Құлманова Б.0102М., «Қазақстанның экологиялық мәселелері» «Мұқағали Мақатаев» Сейдуәлі З.0101М., «Жүрек қан тамыр аурулары» Мирзатиллаев Х.0202Ф., «Тиімді тамақтану» Жайлыбаева Г.302Ф иеленді.

Оңтүстік Қазақстан педагогикалық колледжінің 2014 жылдың 26 ақпанында Оңтүстік Қазақстан педагогикалық колледжі «Техникалық және кәсіптік білім беру: шығармашылық ізденіс пен заманауи тәсіл» тақырыбына конференция өткізді. Аймақтық ғылыми-тәжірибелік конференцияға 8 жұмыс ұсынылып, сондай-ақ материалдар жинағында мақақалар жарияланды:

Студент: Умирзакова Б. 401А. «Ұрықтың дамуы және жүктілік», жетекшісі Э.А.Кожабаяева және А.С.Мазамова.

Студент: Махамбетова А. 0202М. «Қазақстанның қызыл кітабына енген жануарлары мен өсімдіктері» жетекшісі Э.А.Кожабаяева және Р.Аширова.

Студент: Жиенбек У. 0201М. «Жасушанның құрылысы» жетекшісі А.Ж.Кожабаяева

Студент: Балабекова А. 403Ф. «Генетические основы рождения близнецов» жетекшісі Э.А.Кожабаяева және А.Оралова.

Студент: Жайлыбаева Г.403Ф. «Тиімді тамақтану тәртібі», жетекшісі Э.А.Кожабаяева және М.А.Рахманкулова.

Студент: Құлманова Б.0202М. «Алаш Алыптары» жетекшісі Тасымбетова Г.Ж.

Студент: Мирзатиллаев Х. 0301Ф. «Духовно-нравственное воспитание личности литературой» жетекшісі Рыскулбекова Г.А.

Студент: Сейдуәлі З. 0201М. «Құбылыстай жарқ етіп, өте шыққын НАЙЗАҒАЙ ақын!» жетекшісі Мырзабаева Л.У.

Конференция нәтижелері бойынша Мирзатиллаев Х. 0301Ф. «Духовно-нравственное воспитание личности литературой» жетекшісі Рыскулбекова Г.А., Сейдуәлі

3. 0201М. «Құбылыстай жарқ етіп, өте шыққан НАЙЗАҒАЙ ақын!» жетекшісі Мырзабаева Л.У. үздік деп танылды, ал қалғандары алғысхаттармен марапатталды.

2014 жылы «Ғылыми шығармашылық ізденіс, жаңару бағыттары» тақырыбына ғылыми тәжірибелік конференция өткізіліп, оқытушылар жетекшілігімен студенттердің 20 жұмысы ұсынылды. I орынды екі студент иеленді:

1. Ағабек А. 0301М. «Мейірбикелік процестердің мақсатына жету жолдары» жетекшісі А.С.Мазамова

2. Махамбетова А. 0202М. «Ашаршылық» жетекшісі Г.Ж.Тасымбетова.

Студенттердің ғылыми-зерттеу жұмыстарының болуы (колледж мамандықтары бойынша)

Мамандық атауы	2013-2014		2014-2015		2015-2016		2016-2017		2017-2018	
	Студенттердің барлығы	Мақала саны	Студенттердің барлығы	Мақала саны	Студенттердің барлығы	Мақала саны	Студенттердің барлығы	Мақала саны	Студенттердің барлығы	Мақала саны
Мейірбике ісі	9	9	13	13	3	3	7	7	-	-
Емдеу ісі	9	9	11	11	4	4	7	7	-	-
Барлығы	18	18	24	24	7	7	14	14	-	-

ССК КЕЛУ СИПАТТАМАСЫ

ССК жұмысы 2018 жылдың 19-21 сәуірі аралығында «Абу Али Ибн Сина» медициналық колледжі мекемесіндегі білім бағдарламаларын институционалды және мамандандырылған аккредиттеудің білім бағдарламалары бойынша сараптау комиссиясының келу Бағдарламасы негізінде жүзеге асырылды.

Білім бағдарламасының және колледждің тұтастай инфрақұрылымының сапасы жөніндегі шынайы ақпараттарды алу, өзін-өзі бағалау жөніндегі есептер мазмұнын нақтылау үшін директормен, оқу жұмысы жөніндегі директор орынбасарымен, тәрбие жұмысы бойынша директор орынбасарымен, оқу-өндірістік жұмыстар бойынша директор орынбасарымен, кадр бөлімі бастығымен, әдіскермен, әдістемелік кабинет меңгерушісімен, бас есепшімен, оқытушылармен, студенттермен, бітірушілермен, жұмыс берушілермен және студенттердің ата-аналарымен кездесулер өткізілді. Кездесулерде 336 адам қатысты.

Кесте 2 - Кездесуге қатысушылардың саны мен санаты жөніндегі мәліметтер

Қатысушылар санаты	Саны
Директор	1
Директор орынбасары	3
Бөлім меңгерушілері	7
Бас есепші	1
Кадр бөлімі бастығы	1
Оқытушылар	56
Студенттер	234
Бітірушілер	15
Жұмыс берушілер, әлеуметтік серіктестер	11
Студенттердің ата-аналары	7
Барлығы	336

ССК жұмысы барысында колледж инфрақұрылымына шолу жүргізілді: оқу дәрісханалары, компьютерлік сыныптар, кітапхана, оқырман залы, жаттығу залы, медициналық пункт, тамақтану пункті, клиникаға дейінгі тәжірибе кабинеттері. Сондай-ақ циклдық-әдістемелік комиссияның аккредиттелетін білім бағдарламаларын іске асыратын бөлімшелердің құжаттамалары қарастырылды. Аккредиттелетін бағдарламаларды

тәжірибелік оқыту базалары тексерілді: Қағығұрт аудандық ауруханасы МҚК, Сарыағаш орталық ауруханасы МҚК, «Әсел» шипажайы ЖШС, «Көктерек» шипажайы ЖШС, «Арман» шипажайы АҚ, «Окси» шипажайы ЖШС; Абай ауылы ауруханасы МҚК, «Жанұзақова Б» ЖК; «Аманат» ЖШС, «Қасымфарм групп» ЖШС, «АсылфармCompanу» ЖШС; «Нурболат» ӨК.

Халықаралық келісімшарттар

«Central Cardio Service» ООО; МЧЖ «Cardio star plus» Узбекистан

Оқу, өндірістік және кәсіби іс-тәжірибелерді өткізу үшін колледж Сарыағаш ауданының емдеу-сауықтыру ұйымдарының жетекшілерімен келісімшарттар бекіткен. Базалық медициналық ұйымдармен тығыз байланыстар орнатылған. Медициналық білімді алу саласындағы әлеуметтік серіктестік маман даярлау деңгейін жұмыс берушілердің мұқтаждықтарына бейімдеуге, колледждің медициналық ұйымдармен байланысын нығайтуға бағытталған. Медициналық ұйымдармен және колледждермен әлеуметтік серіктестіктерді нығайту және дамыту мақсатында келесі бағыттар бойынша айқын бірлескен жұмыстар жүргізіледі: біліктендірілген мамандарды даярлауды болжау, оқытудағы пациентке шоғырландырылған тәсіл, оқу орны мен медициналық ұйым арасындағы өзара қарым-қатынастарды жетілдіру. Қалыптасқан тәжірибеде білімгерлерді шынайы жұмыс орындарда тәжірибелік оқыту, жұмыс берушілердің білімгерлерді аттестаттауға қатысуы, іс-шараларды бірлесе жүргізу, мектеп оқушыларымен және ата-аналармен кездесу, колледжде экскурсия ұйымдастыру, мамандықпен танысу сияқты ынтымақтастық түрлері жиі пайдаланылады.

Базалық медициналық ұйымдарда іс-тәжірибеден сапалы өту үшін қажетті жағдайлар құрылған, колледж білімгерлері үшін 5 оқу бөлмесі: терапевтикалық бөлімде (4), емханада (1) бөлме бөлінген.

Іс-тәжірибе базаларына бару кезінде сарапшылар медициналық ұйымдардың материалдық-техникалық базасымен танысып, студенттер кәсіби іс-тәжірибеден өтетін мамандандырылған бөлімшелерге, әкімшілік ғимаратына барды. ССК мүшелерімен бас дәрігерлер, емхана меңгерушілері, бас және аға мейірбикелер кездесіп, студенттерге тәжірибеден өту барысындағы талаптар жөнінде кеңес берді. Сарыағаш орталық ауруханасы МҚК өндірістік іс-тәжірибе уақытында жұмыс орындарын ұсынып қана қоймай, жұмыс –оқу жоспарлары мен бағдарламаларының мазмұнын түзетуге, сондай-ақ студенттердің білімін, шеберліктері мен дағдыларын бағалауға да белсенді қатысатындығы таң қаларлық. Іс-тәжірибе базаларына бару кезінде колледждің 4 курс студенттерінің өндірістік іс-тәжірибеден өту айғақтары да алынды. 15 адам көлеміндегі бітірушілер таныстырылды. Өндірістік іс-тәжірибеден өту кезеңінде медициналық ұйым жетекшісі мен колледж директорының бұйрығы арқылы жалпы және тікелей жетекшілер (үйретушілер) тағайындалады. Медициналық ұйым жетекшілерінің студенттер мен колледж түлектері туралы пікірлері оң сипатта. Мамандарды сапалы даярлау айғағы барлық бөлімшелерде «Абу Али Ибн Сина» медициналық колледжінің түлектері қызмет атқарып жүргендігі болып табылады.

ССК мүшелері Сарыағаш орталық ауруханасы, «Асылфарм Companу» ЖШС; «Нурболат» ӨК клиникалық базаларында да болды. Емхана меңгерушісі Үсіпбеков Сыдық Сапарбекұлымен де кездесу белгіленіп, әңгімелесу барысында Сарыағаш орталық ауруханасы МҚК «АбуАли Ибн Сина» медициналық колледжімен тығыз байланыста жұмыс жасайтындығы анықталды. Аурухананың көптеген дәрігерлері өздерінің жұмыс орнында тәжірибелі сабақтарды өткізіп, ББ іске асыруға белсенді қатысады, білім алушылардың білімдері мен шеберліктерінің сапасын бағалауға қатысады.

Сарыағаш орталық ауруханасы МҚК бас мейірбикесі Мамытбекова Гүлнар Уалиханқызымен әңгімелесу кезінде 2000 орта медициналық жұмыскерлердің 450 жұмыскері (22.5%) осы колледж түлегі екендігі анықталды.

Сарыағаш орталық ауруханасы МҚК бас дәрігерінің орынбасары Одаманов Муратхан Алимханұлымен әңгілемесу кезінде «Абу Али Ибн Сина» медициналық колледжінің түлектері жұмысқа орналасу кезінде тағылымдамадан өтетіндігін, орта медициналық жұмыскерлер арасында жиі ротация жүргізілетіндігін айтты, бұл тұрғындарға қызмет көрсетуге жақсы нәтижелерге қол жеткізуге мүмкіндік береді.

Әртүрлі бөлімшелерде (терапевтикалық, балалар, емхана, ЖМҚКБ, қабылдау бөлігі және т.б.) жұмыс істейтін «Абу Али Ибн Сина» медициналық колледжі түлектерімен (15 адам) сұхбат жүргізілді.

Олар ССК мүшелерімен өздерінің жұмыстағы жетістіктері, өз сәттіліктері жөнінде пікір бөлісті, колледж қабырғасында алған терең білімдеріне алғыстарын білдірді.

ССК мүшелері келесі топтардағы теоретикалық және тәжірибелік сабақтарға қатысты: «Мейірбике ісі» мамандығы бойынша №0202 тобы, Анатомия пәні, тақырыбы «Тыныс алудың жүйесінің басты синдромдары». Оқытушы Кусаинова К.А.; «Мейірбике ісі» мамандығы бойынша 0302 тобы, Жалпы анатомия пәні, тақырыбы «Асқорыту жүйесінің патологиясы». Оқытушы Маликов К.А. «Фармация» мамандығы бойынша 101 тобы, «Анатомия негіздеріндегі физиология» пәні, тақырыбы «Зәр шығару жүйесі» оқытушы Медетова О., «Аналитикалық химия» пәні, тақырыбы: «Характерные реакции катионов I аналитической группы. Анализ смеси катионов I аналитической группы. Характерные реакции катионов II аналитической группы» оқытушы Сүйебекова М. «Емдеу ісі» мамандығы бойынша 201 тобы «Мейірбике ісі негіздері» пәні, тақырыбы «Қан ағу кезіндегі диагностика және дәрігерге дейінгі көмек» оқытушы Рахманкулова М.А. Емдеу ісі мамандығы 0201 тобы «Мейірбике ісі негіздері» пәні, тақырыбы: «Жасанды тамақтандыру әдістері» оқытушы Мамытбекова Г.У., Кірген сабақтарды талдау оқытушылардың әзірленген сабақ жоспарлары мен күнтізбелік-тақырыптық жоспарлары мен бекітілген жұмыс бағдарламалары, оқу-әдістемелік кешендері бар екендігін көрсетті. Тұтастай алғанда сабақтардың жеткілікті әдістемелік деңгейде өткізілгендігі байқалады.

АККРЕДИТТЕУДІҢ АЛДЫҢҒЫ ІС-ШАРАЛАРЫН СИПАТТАУ

Бұрын бұл оқу орнында аккредиттеу жүргізілмеген.

ИНСТИТУЦИОНАЛДЫ АККРЕДИТТЕУ СТАНДАРТТАРЫНА СӘЙКЕСТІГІ

6.1. «Міндет және стратегиялық мақсаттар» стандарты

Дәлелдеуші бөлім

Колледждің болашағы, міндеті мен даму стратегиясы өз ішінде бар ресурстарға, еңбек нарығы мұқтаждықтары мен ҚР білім беру саясатына сай келісілген.

Колледж болашағы, бәсекеге қабілетті маман даярлау. Үйлесімді дамыған, өзін-өзі тұрақты жетілдіруге және дамытуға даяр маманды тәрбиелеу.

Колледж өзінің жеке міндетін «Еңбек нарығында талап етілген және Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау жүйесіне қажетті, бәсекеге қабілетті, құзыретті, жауапты, ізгі, қайырымды, өз кәсібін еркін меңгерген маман даярлау» ретінде анықтайды.

Стратегиялық мақсат: «Орта медициналық және фармацевтикалық білімі бар бәсекеге қабілетті маманды тиімді және жоғары кәсіби деңгейде даярлау».

Колледжді дамыту бойынша міндеттерді, мақсаттарды және тапсырмаларды анықтау негізінде 2011-2020 жылдардағы білім беруді дамытудың Мемлекеттік бағдарламасының ережелері жатады, сондай-ақ ҚР 2020 жылға дейінгі дамуының Стратегиялық жоспары, ҚР 2020 жылға дейінгі мейірбике ісін дамытуының Кешенді жоспары, Қазақстан Республикасы Президенті – ұлт Көшбасшысы Н.Ә.Назарбаевтың

«Қазақстан стратегиясы 2050 қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси курсы» Қазақстан халқына жолдауы жатады.

Колледж мақсаттары мен міндеттері Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың жыл сайынғы қазақстан халқына жолдауы мен жаңа бағдарламалық құжаттарды ескере отырып түзетіледі.

Колледждің даму стратегиясы тұрақты дамуға және білім беру қызметтерінің бәсекеге қабілеттілігі артуына бағытталған. Даму стратегиясы шеңберіндегі колледж міндеті, мақсаттары мен тапсырмалары педагогикалық кеңес мәжілісінде талқыланып, бекітілген (хаттама №1, 28.08.2017).

Колледжде дмақсаттарды, міндеттер мен тапсырмадарды қолдау көрсету механизмдерін даярлауға жеткілікті назар аударылады. Колледж мақсаттары мен міндеттерін іске асыру бойынша негізгі құжаттар: колледж дамуының Стратегиялық жоспары, педагогикалық Кеңес жұмысының жоспары, әдістемелік кеңес жұмысының жоспары, тәрбие жұмысының жоспары, орталық әдістемелік комиссия жұмысының жоспары. Олардың барлығы жыл сайын тамыз айындағы Педагогикалық кеңестің бірінші мәжілісінде бекітіледі.

Ұйым өзінің қызметі жөніндегі ақпараттарды жүйелі түрде жинайды және талдайды, өлшеу үрдістерін даярлау және енгізу, «нәтижелілік» және «тиімділік» сияқты көрсеткіштер арқылы өз стратегиясының іске асырылу табыстылығын бағалау үшін талдау негізінде барлық бағыттар бойынша өзін-өзі бағалауды жүргізеді.

Колледж міндеттерін, мақсаттары мен стратегиясын тұжырымдау колледждің дербестігі мен бірегейлігін сипаттайды.

Мәлімделген тұжырымдамаларда колледж білімгерлері контингентінің психологиялық-педагогикалық қолдауға, жан-жақты тұлғалық дамуға және рухани тәрбиеге айрықша мұқтаждықтарын атап өту қажет. Ұйым ұжымының психологиялық қолайлылықты, максимальды байытылған қолдаушы және дамытушы ортаны құрудағы ауқымды жұмыс көлемі байқалады.

Сонымен қатар педагогикалық мамандардың 38 адам (жалпы санының 95 %) қатысқан сауалнама нәтижелері колледждің осы Стандарттың өлшемдеріне сәйкестігін бағалаудың жеткілікті жоғары деңгейін көрсетеді.

Сонымен, мысалы оқу бағдарламаларындағы колледж міндетінің сипатталуы, олардың пікірі бойынша жақсы деңгейден табылады (100%), басқарушылық және стратегиялық шешімдерді қабылдау үдерісіне педагогтардың тартылуы 100%.

Талдау бөлімі

Колледж қызметінің осы Стандарт өлшемдеріне сәйкестігін талдау тұтастай алғанда қойылған мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізудегі айқын стратегиялық, тактикалық және шұғыл жоспарлау маңыздылығын ұғынудағы әкімшілік және басқарушылық персонал байыптылығын, тұрақты жақсару және дамудың кешенді жүйелеріне осы ұйымдағы бар болуын айғақтайды.

Колледждің негізгі басымдығы барлық мүдделі тұлғалардың, сондай-ақ білім алушылар мен жұмыспен қамтушылардың жоспарлау және бағалау үдерісіне тартылуы бойынша жұмыстағы жүйелілігі болып табылады.

Күшті жақтары/үздік тәжірибе:

Колледж миссиясы, мақсаттары мен стратегиясы өз арасында келісілген.

Ұйым өз қызметі жөніндегі ақпараттарды жинайды және талдайды, сондай-ақ «нәтижелілік» және «тиімділік» сияқты көрсеткіштер арқылы өзінің жеке стратегиясын жүзеге асыру жемістілігін бағалау үшін өлшеу, талдау үдерістерін әзірлеу мен ендіру негізінде барлық бағыттар бойынша өзін-өзі бағалауды жүргізеді.

Өлшемдер бойынша ССК тұжырымдары: (күшті/қанағаттанарлық/жақсарту керек/қанағаттанарлықсыз).

Тұтастай алғанда осы Стандарт бойынша ұйым қызметі ұсынылған өлшемдерге сай келеді. Ұйымның Стандарт өлшемдеріне сәйкестігін сипаттайтын көрсеткіштер келесідей:

Күшті бағыттар-17,
қанағаттанарлық-0,
жақсартылуы қажет -0,
қанағаттанарлықсыз-0.

6.2. «Әкімшілік және басқару» стандарты

Дәлелдеу бөлігі

Колледжді басқару жүйесі миссияны, мақсаттар мен стратегияны іске асыруға бағытталған. Колледж басқару ҚР «Білім туралы» Заңымен (13.02.2012 ж өзгертулерімен және толықтыруларымен бірге), ҚР БЖҒМ нормативті құқықтық құжаттарымен, колледж Жарғысымен және ішкі нормативті құжаттармен сәйкестікте жүзеге асырылады:

- Педагогикалық кеңес жөніндегі Ереже;
- Әдістемелік кабинет жөніндегі ереже;
- Циклдық-әдістемелік комиссия жөніндегі Ереже;
- Маман даярлау сапасын колледжішілік бақылау жөніндегі Ереже;
- Оқу кабинеттері жөніндегі Ереже;
- Білім алушылардың кәсіби іс-тәжірибесі жөніндегі Ереже;
- Еңбекке орналасу жөніндегі Ереже;
- Оқу үдерісін ұйымдастыру жөніндегі Ереже;
- Пәндердің оқу-әдістемелік кешені жөніндегі Ереже;
- Оқытушылардың портфолиосы жөніндегі Ереже;
- Білім алушылардың үлгерімін ағымдық бауылау, аралық және қорытынды аттестаттауды жүргізу жөніндегі Ереже;
- Сынып жетекшісі жөніндегі Ереже;
- Студенттік кеңес жөніндегі Ереже;
- Кітапхана жөніндегі Ереже;
- Оқушылар үшін ішкі тәртіп Ережесі;
- Қызметкерлердің еңбек тәртібі Ережесі;
- Директорат жөніндегі Ереже;
- Тәрбие жұмысы жөніндегі Ереже;
- Бірінші курстағыларды бейімдеу жөніндегі Ереже;
- Ұстаздық жөніндегі Ереже;
- Жас оқытушы мектебі жөніндегі Ереже;
- Психологиялық қызмет жөніндегі Ереже;
- Медициналық пункт жөніндегі Ереже;
- Оқу-сабақтарына қатысу жөніндегі Ереже;
- Озық педагогикалық тәжірибені талдауды ұйымдастыру жөніндегі Ереже;
- Білім алушылардың ғылыми үйірмесі жөніндегі Ереже;

Қауіпсіздік техникасы жөніндегі нұсқаулық

Басқару тиімділігі жоспарлаудың, бақылау мен есеп берудің көпсатылы айқын жүйесімен қамтамасыз етіледі. Колледждің ұйымдық құрылымы мен басқару жүйесі жеткілікті тиімді қызмет етеді.

Колледж алдында тұрған барлық міндеттерді шешуге мүмкіндік береді. Колледж өз қызметін демократиялық қағидаларға, жетекшіліктің көшбасшылығына және басқару үдерісіне қызметкерлер мен білімгерлердің тартылуына негіздей отырып құрады.

Жетекшіліктің әралуан деңгейлері арасындағы міндеттемелерді функционалдық бөлістіру колледж қызметінің барлық негізгі бағыттарын қамтиды және оның даму стратегиясын табысты жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

Колледжде жетекшілік жасау оның құрылымдық бөлімшелері арасындағы тұрақты өзара байланыстардың тұтастығымен жүзеге асырылады. Құрылымдық бөлімшелердің жылдық жоспарлары колледждің оқу жылына бекітілетін жұмыс жоспарымен сәйкестікте талқыланып, бекітіледі.

Колледж аралық аттестаттау, қорытынды аттестаттау және жарты жылдық, жылдық есепте мазмұндалатын басқа да іс-шаралардың нәтижелері жөніндегі мағлұматтарды бақылап, жүйелендіреді.

Сарапшылық топ колледжде сыртқы орта өзгерістеріне шапшаң жауап қайтаруға мүмкіндік беретін ұйымдастыру құрылымының икемділігін атап өтеді.

Оң сипатты кезеңдермен қатар жетекшіліктің және колледждегі менеджменттің жекелеген бағыттарына қатысты бірқатар ескертулер де бар.

Сонымен мысалы колледжде ұйымның және оның жекелеген қызмет түрлерінің әлеуетті ықтималдылықтарын айқындау, талдау, бағалау және алдын алу механизмдері жеткілікті жетілдірілмеген.

Колледжде оқытушылардың, персонал мен білімгерлердің мұқтаждықтарының қанағаттандырылу дәрежесін қарастыру, айқындау және талдаудың белгілі механизмдері бар. Білім алушылардың мұқтаждықтарын қанағаттандыру нәтижесі оқу залдарын ұлғайту, асханаларды, спорттық залдарды ашу болып табылады.

ССК келуі мерзімінде жүргізілген педагогикалық кадрларды сауалнамадан өткізу нәтижелері осы Стандарт бойынша төмендегілермен қанағаттандырылған:

- Сіздің жетістіктеріңіздің, сәттіліктеріңіздің әкімшілік тарапынан мойындалуы – 32% қанағаттанушылық;

- Басқарушылық шешімдерді қабылдауға қатысуы -33 % қанағаттанушылық;

- Жетекшілік пен колледж әкімшілігінің өз атына сынды қабылдауы – 36,0% қанағаттанушылық;

- ОПҚ жетекшілікпен кері байланыс деңгейі респонденттер бағалауы бойынша 35 % қанағаттанушылық деңгейін құрайды.

Білім алушыларды сауалнамадан өткізуге 73 адам (14,8%) қатысты, колледждің осы Стандарт өлшемдеріне сәйкестігіне оң бағасын мәлімдеді.

Сонымен мысалы оқу үдерісіне қатысты оқытушылардың кері байланысына жауап қайтару шапшаңдығы респонденттерді толығымен 69,0% қанағаттандырады.

-«Берілген мамандықты табысты тәмамдау үшін талаптар жөнінде ақпараттандыру» деңгейімен толықтай 73,0% қанағаттанады;

-Оқытушылардың шынайылығы мен әділдігі 72,0% құрайды.

Талдау бөлімі

Колледждің білім беру қызметін басқаруда барлық мүдделі тұлғалар қатысады (білімгерлер, оқытушылар, жұмыспен қамтушылар).

Күшті бағыты-13, қанағаттанарлық-0,

жақсартуды қажет етеді -0, қанағаттанарлықсыз -0.

6.3. «Білім бағдарламалары» стандарты

Дәлелдеуші бөлігі

Колледжде үш білім бағдарламасы бойынша даярлау жүргізіледі. Білім бағдарламалары әрекет етуші МЖМБС негізінде құрастырылған.

Колледж әзірлейтін білім бағдарламалары бойынша құжаттамалар жұмыс-оқу бағдарламасынан, оқу үдерісі кестесінен, сабақ кестесінен, пәндердің жұмыс оқу бағдарламаларынан, күнтізбелік тақырыптық жоспардан, кәсіби іс-тәжірибе бағдарламаларынан тұрады.

Колледждегі білім бағдарламаларының мазмұны мамандықтардың типтік оқу жоспарымен сәйкестікте құрастырылады.

Барлық мамандықтар бойынша жұмыс-оқу жоспарлары әдістемелік кеңес мәжілістерінде қарастырылып, колледж директоры бекіткен.

Білім бағдарламасы колледж міндеті мен білімгерлердің сұраныстарына сай екендігі жөніндегі тұжырымды колледж жетекшілігі колледж бітірушілері еңбек ететін жұмыспен қамтушылардың пікірі негізінде жасайды.

Колледжде кәсіби даярлыққа: жалпы кәсіби және арнайы пәндер бойынша лекциялар мен практикалық сабақтарға, өндірістік оқытуға, кәсіби іс-тәжірибеге айрықша көңіл бөлінеді.

Колледж студенттерінің іс-тәжірибе түрлері оқу тәжірибесі, өндірістік оқыту және кәсіби іс-тәжірибе болып табылады. Кәсіби іс-тәжірибені үздік ұйымдастыру мен өткізу үшін Сарыағаш қаласының медициналық ұйымдары мен колледж арасында ынтымақтастық жөніндегі 13 ұзақ мерзімді келісімшарттар мен Өзбекстанмен 2 халықаралық келісімшарт бекітілген.

Білім мазмұны саласындағы әлеуметтік серіктестермен тиімді өзара әрекеттестіктің маңыздылығын ББ жетекшілерінің ұғынуын серіктестердің бағдарламаларды, оқу жоспарларын ұйымдастыру мен қалыптастыруға мамандарға қойылатын заманауи талаптарды есепке ала отырып тарту дәйектері айғақтайды.

Мұнда жұмыс барысында ССК бірқатар кемшіліктерді атап өтеді:

-Бітірушілерді қорытынды аттестаттауды жүргізудің инновациялық формалары мен әдістерін жетілдіру бойынша жұмыстар жеткілікті сипатталмаған.

Талдау бөлімі

ББ жетекшілерінің кәсіби оқыту бағдарламаларын әзірлеуге әлеуметтік серіктестердің қатысуы ғана емес, сондай-ақ тәжірибелік денсаулық сақтау мамандарына қойылатын талаптарды ескере отырып ББ тәжірибелік шеберліктері мен дағдылары стандарттарын ұйымдастыру мен даярлауға серіктестерді тартуы қажет екендігін ұғынуы маңызды.

Күшті жақтары/үздік тәжірибе

ББ құрылымы білім алушылардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып олардың кәсіби құзыреттіліктерін дамытуға мүмкіндік беретін қызметтің әралуан түрлерін қарастырады.

ББ игеру үшін пайдаланылатын оқу жабдықтары мен бағдарламалық құралдар сәйкес медициналық ұйымдарда қолданылатындарға ұқсас.

Арнайы пәндер мен тәжірибелік оқытуды жүргізу үшін ұйым штатына тәжірибелік жұмыс өтіліне ие мамандар тартылады. Мұндай мамандардың ОПҚ жалпы көлеміндегі үлесі 40 штаттан — 14 (35,0%) құрайды.

Ұйым білім алушылардағы базалық және кәсіби құзыреттіліктердің, дағдылар мен білім бөліктерінің қалыптасқандығын әйгілейді.

Тұтастай алғанда осы стандарт бойынша ұйым қызметі ұсынылған өлшемдерге сай.

Ұйымның стандарт өлшемдеріне сәйкестігін сипаттайтын сандық көрсеткіштері төмендегіше:

Күшті бағыттары-20, қанағаттанарлық -0, жақсартылуы қажет -0, қанағаттанарлықсыз -0.

6.4. «Оқытушылар» стандарты

Дәлелдеу бөлігі

Колледждің кадрлық құрамы ҚР МЖМБС талаптарымен сәйкестікте жинақталған.

Ұйымдық-штаттық құрылым, іріктеу мен қарастыру тәжірибесі, мамандарды қабылдау мен орналастыру, колледждің сапалық резервін қалыптастыру білім беру міндеттерін шешу бойынша тиімді қызмет үшін қажетті жағдайларды құруға бағытталған.

Колледждің оқытушылық ұжымына қойылатын біліктілік талаптары Қазақстан Республикасы Білім және ғылыми министрінің 13.07.2009 ж №338 бұйрығымен бекітілген «Педагогикалық жұмыскерлер мен оларға теңестірілген тұлғалардың лауазымдарының типтік біліктілік сипаттамалары мен» сәйкестікте анықталады.

Кадрларды іріктеу мен орналастыру іскер және кәсіби қасиеттерін ескере отырып жүзеге асырылады. Оқытушыларды пәндер бойынша бөлістіру олардың дипломындағы біліктіліктерімен сәйкестікте жүзеге асырылады.

Әкімшілік тарапынан жас оқытушыларға айрықша назар аударылады: колледжде Жас педагогтар мектебі қызмет етеді, ұстаздық ұйымдастырылған, бағдарлама мазмұны мен білім беру үдерісін ұйымдастыруда теоретикалық және тәжірибелік материалдарды игеруде көмек көрсетіледі.

Нормативті құқықтық құжаттарға сай ОПК жылдық жұмыс жүктемесі анықталады. Жүктеме оқыту пәндері, кеңес беру және емтихандар, тәлімгерлік бойынша сағат санының ауқымынан тұрады. Оқу жүктемесін орындау оқу журналынан, жасалған оқу әдістемелік және тәрбие жұмыстары жөніндегі оқытушы есептерінен көрініс табады.

Оқу жұмысының басында оқытушылар «Жеке жұмыс жоспарларын» құрастырып, ол циклдық әдістемелік комиссия мәжілістерінде қарастырылады. Колледж ОПК біліктілігін жоғарылату жүйесі үш деңгейде іске асырылады:

а) мамандарды колледж ішілік оқыту, ол білім беруді дамытудағы беталыстарды қарастыру, жаңа педагогикалық технологиялар, педагогикалық, әдістемелік кеңестерде, ЦӘК мәжілістерінде білім үдерісін ұйымдастыру формалары мен әдістерін қарастыру арқылы жүргізіледі;

б) әдістемелік семинарларда, қалалық, республикалық және халықаралық деңгейдегі ғылыми-тәжірибелік конференцияларда баяндама жасау арқылы ОПК біліктілігін жоғарылатуы;

в) қала және ҚР деңгейінде ұйымдастырылатын арнайы кәсіби курстарда біліктілігін жоғарылатуы.

Соңғы 5 жыл ішіндегі медициналық колледждің оқытушылар құрамының біліктілігін жоғарылатуы

Оқу жылдары	Біліктілігін жоғарылатудан өткен адам саны		
	Барлығы	Оқытушылар	Тұтас персонал
2013 – 2014 о.ж.	11	3	8
2014 – 2015 о.ж.	10	10	-
2015 – 2016 о.ж.	15	7	8
2016 – 2017 о.ж.	25	13	12
2017 – 2018 о.ж.	28	16	12

Оқытушылардың біліктілігін жоғарылату әралуан түрлерде жүзеге асырылады: «Өрлеу» ұлттық біліктілікті жоғарылату орталығы» акционерлік қоғамының филиалы жанындағы оқытушылардың біліктілігін жоғарылату курстары, педагогикалық жұмыскерлердің біліктілігін жоғарылату институты, жас оқытушыларға арналған педагогикалық шеберлікті жоғарылату мектептері, конференцияларға, семинарларға, қалалық, аймақтық, республикалық деңгейдегі педагогикалық шеберлік байқауларына қатысу.

Арнайы пәндер оқытушыларының біліктілігін жоғарылату қысқы демалыс мерзімінде білімгерлерді қала мен облыстағы тәжірибелік денсаулық сақтау саласындағы жетекші мекемелерде тағылымдамадан өткізу арқылы жүзеге асырылады, бұл біліктілікті жоғарылатудың бөлімдерінің бірі, қосымша кәсіби білім берудің дербес түрі болып табылады. Медициналық ұйымдарда оқытушылардың тағылымдамадан өткізу белгілі бір мамандыққа қойылатын заманауи талаптарды үнемі біліп жүруге жәрдемдеседі.

Арнайы пәндердің оқытушылары қажет болған жағдайда Қазақстан республикасының денсаулық сақтау министрлігі қоғамдық денсаулық сақтаудың Жоғарғы мектебіндегі, дәрігерлерді постдипломдық даярлаудың аймақтық институты жанындағы, республикалық жоғары медициналық колледж жанындағы біліктілікті жоғарылату курстарына қатысады.

Колледждің педагогикалық ұжымы өздерінің кәсіби деңгейін жоғарылатумен тұрақты түрде айналысады, бұл кезеңде олар төмендегілерді тереңдетеді:

- теоретикалық білімін;
- педагогикалық шеберлігін;
- тәрбие жұмысы дағдыларын;
- оқу үдерісін оқу-әдістемелік қамсыздандыру жұмыстарындағы дағдыларды;
- оқытудың заманауи техникалық құралдарын пайдалану дағдыларын;
- ғылыми зерттеушілік қызметі дағдыларын;
- жұмыста инновациялық оқыту технологиялары мен ақпараттық-қатысымдық технологияларды пайдалану дағдылары.

Әрбір оқытушы оқу жылы басталған кезде өзінің жеке жоспарындағы ғылыми-әдістемелік жұмыстарын құрастырады. Бұл жоспарларда оқытушының біліктілігін жоғарылатуға, оның ішінде біліктілікті жоғарылату курстарына баруға бағытталған нақты қадамдар бейнеленуі тиіс.

Біліктілікті жоғарылату жоспары мен кестесі негізінде кадр бойынша жауапты әдіскермен бірлесіп оқу жылындағы оқытушылардың біліктілікті жоғарылату курстарына баруы жөніндегі мәліметтерді құрастырады. Бұл кезеңде олар төмендегілерді жетекшілікке алады:

- педагогикалық кадрлардың сандық және сапалық құрамы жөніндегі мәліметтер;
- оқытушылардың біліктілігін жоғарылатудың соңғы мерзімдері;
- жас оқытушы мамандарды даярлау қажеттігі;
- оқытушылар құрамының біліктілігін, мәселен пән бойынша жаңа технологиялардың пайда болуымен немесе білім беру әдістемесіндегі өзгерістерге байланысты жоғарылату қажеттілігі;
- сапа менеджменті жүйесі саласындағы оқыту қажеттіліктері;
- тұтынушылар талаптарындағы өзгерістерге жауап қайтару қажеттілігі;

-педагогикалық жұмыскерлердің біліктілігін жоғарылату институтының «Өрлеу» ұлттық біліктілікті жоғарылату орталығы», Қазақстан республикасының денсаулық сақтау министрлігі қоғамдық денсаулық сақтау Жоғары мектебі, ұлттық үздіксіз білім беру орталығы, республикалық жоғары медициналық колледж жоспары.

Колледжде біліктілікті жоғарылату курстарынан оқытушылардың өтіп жатқандығы туралы мәліметтер тұрақты жаңартылып отырады. Алынған мәліметтерге сүйене отырып, жыл сайын оқу жылы ішіндегі оқытушылардың біліктілігін жоғарылату жөніндегі есеп құрастырылады, онда курстан өту уақыты, орны, тақырыбы мен циклы нақты көрсетіледі. Әдістемелік кеңестер мен циклдық әдістемелік комиссия мәжілістерінде біліктілікті жоғарылату курстарынан өткен оқытушы есебі тыңдалады.

Оқу жылы соңында біліктілікті жоғарылату тиімділігіне талдау жүргізіледі, әрбір оқытушы ғылыми әдістемелік жұмыс бойынша жеке жоспарының орындалуы жөніндегі есеп («Біліктілікті жоғарылату» өлімі) құрастырады, есеп беру кезеңі аяғында циклдық әдістемелік комиссия мәжілісінде есеп береді. Әдістемелік қызмет педагогтың кәсіби және тұлғалық жетілуін ескере отырып оқытушы рейтингінің қорытындысын жасайды.

Колледждің педагогикалық құрамының біліктілігін жоғарылату оқытудың әралуан түрлерінен тұрады: әралуан нақты мәселелер бойынша қысқамерзімді тақырыптық оқыту, әралуан проблемалар бойынша тақырыптық және проблемалық семинарлар, кәсіби қызмет бейіні бойынша өзекті проблемаларды тереңдете қарастыру үшін біліктілікті жоғарылатудың білім беру мекемелерінде мамандардың ұзақмерзімдік оқытылуы.

Көп жағдайда колледждің барлық оқытушылары біліктілікті жоғарылату курстарынан өткен, оқытушылар құрамының біліктілігін жоғарылату бойынша ілгерілемелі жоспар мен жылдық жоспарлар орындалуда. Оқытушылар қажет болған жағдайда медициналық және педагогикалық, жоспарлы және жоспардан тыс курстардан кезең-кезеңімен өтіп отырады, дегенмен бұл тұтастай қызмет ету бойында 5 жылда бір реттен кем емес болуы тиіс.

Осылайша біліктілікті жоғарылату бойынша жұмыстарды талдау колледж оқытушыларының жұмыс орнындағы тағылымдамасын қарастыру колледж оқытушыларының біліктілігін жоғарылату үдерісі жүйеленген, икемді және білім берудің оперативті құрылымы, осы бағыттағы жұмыстардың жетілдірілуіне бағытталған жоспарлы болып табылатындығы туралы тұжырым жасауға мүмкіндік береді.

Біліктілікті жоғарылату мен колледждегі оқытушылардың жұмыс орнында тағылымдамадан өтуі бойынша қойылған мақсаттар мен міндеттер төмендегіше орындалады:

- біліктілік деңгейіне талаптардың жоғарылауымен және кәсіби міндеттерді шешудің заманауи әдістердің игеру қажеттілігімен байланысты мамандардың теоретикалық және тәжірибелік білімдері жаңартылады;

- теоретикалық даярлық нәтижесінде алынған кәсіби білімдер, шеберліктер мен дағдылар тәжірибеде қалыптастырылып, нығайтылады;

- өзекті тәжірибені қарастыру жүзеге асырылады, иеленген лауазымы бойынша міндеттемелерін орындау үшін кәсіби дағдылар меңгеріледі.

Колледж ОПҚ соңғы 5 жылда келесі тақырыптар бойынша біліктілікті жоғарылатудан өтті:

- Қазақстан Республикасы білім және ғылым Министрлігі, «Астана» университеті «Педагогтың зерттеушілік мәдениеті»;

- “Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарында педагогикалық мамандықтар бойынша білім беру технологияларын тиімді оқыту” Өрлеу БАҰО;

- «Жатыр мойнының патологиясы» Ұлттық онкология және трансплантология ғылыми орталығы АҚ;

- “Актуальные вопросы урологии и андрологии” ЮКМФА ;

- «Білім берудің жаңа философиясының тұжырымдамалық ойлары аясында химияны (биологияны) оқыту процесін жобалаудың қазіргі әдістері» "Өрлеу" біліктілікті арттырудың ұлттық орталығы АҚ;

- “Арнайы кәсіптік білім беру ұйымдарында білім технологиялары негізінде оқытуды ұйымдастырудың жаңашылдық бағыттары” LD Ot-Logos оқыту және дамыту орталығы;

- «Педагогикалық шеберлік мектебі» «Талапкер-ЮК» ЖШС оқу орталығы;

- «Медициналық оқытудағы инновациялық әдістер: мәселеге бағытталған оқыту»,

- «Қазақстандық медициналық білім мен ғылым бірлестігі» ОЮЛ;

- «Заманауи денсаулық сақтаудың қажеттілігіне сай, халықаралық деңгейді қамтамасыз ету құралы ретінде мейірбике ісінің жаңа моделі» Республикалық жоғары медициналық колледж;

- «Еліміздегі ұлттық экономиканы қалыптастыру мен дамыту үшін мемлекеттік индустриалды инновациялық жоспарды пайдалану» Шымкент көпбейінді «ЗЕРДЕ» колледжі.

Білім беру сапасын бағалаудың негізгі механизмі үшдеңгейде жүзеге асырылатын сабақтарға қатысу болып табылады: бірінші деңгей-колледж жетекшілігінің (директор,

директор орынбасары) сабақтарға бақылай қатысуы; екінші деңгей-сабақтарға бөлім меңгерушілердің, әдіскерлердің қатысуы; үшінші деңгей – өзара сабаққа қатысу.

Ашық оқу сабақтары, өзара сабаққа қатысу педагогикалық шеберлікті жоғарылату түрлері болып табылады. Ашық сабақ, оқытушының жұмысы жөніндегі ақпарат көзі, бұл оның өзін-өзі көрсету, өзін-өзі іске асыру тәсілі.

2013-2014 оқу жылында оқытушылар оқытудың әралуан түрлерін қолдана отырып 20 ашық сабақтар өткізген болатын.

2014-2015 оқу жылында ақпараттық қатысымдық технологияларды қолдана отырып 24 ашық сабақ өткізілді.

2015-2016 оқу жылында денсаулық сақтаудың өзекті мәселелерін пайдалана отырып арнайы пәндер бойынша 50 ашық сабақ өткізілген.

2016-2017 оқу жылында 49 ашық сабақ өткізілген.

2017-2018 оқу жылында 54 ашық сабақ өткізілді.

Соңғы 5 жыл ішінде колледжде инновациялық технологиялармен оқытудың белсенді әдістерін қолдана отырып 177 ден астам көрнекі сабақтар (мамандықтар бойынша ашық сабақтар тізімі қоса беріледі).



Штаттық оқытушылар ішінен: жоғары және бірінші біліктілік санатына 27 адам (50%), екінші санатқа -15 адам (27,0%) ие, мемлекеттік тілде 54 оқытушы сабақ жүргізеді. Академиялық дәрежеге 3 адам ие (5.5%).

НААР ССК келуі мерзімінде жүргізілген оқытушылар сауалнамасы колледждің төмендегілерді қамтамасыз етуге мүмкіндігі бар екендігін көрсетеді:

- инновациялық қызметті мадақтау жүйесі -100% қанағаттанушылық;
- оқытушылар үшін кітапханадағы қажетті ғылыми және оқу әдебиеттерінің болуы - 100% қанағаттанушылық.

-педагогикалық ұжымның оқыту үдерісінде өзіндік жеке инновацияларын пайдалануы-100% қанағаттанушылық;

-әлеуетті үздіксіз дамыту мүмкіндігі -100% қанағаттанушылық;

-жас мамандарды ынталандыру және тарту деңгейі-100% қанағаттанушылық;

-біліктілікті жоғарылату бойынша жұмыстар-100% қанағаттанушылық.

